



**«Chevron Direct Investment Fund Ltd.» жеке компаниясы биоэтанол
өндірісімен айналысатын қазақстандық компанияға инвестиция
салатындығын мәлімдейді**

Алматы, Қазақстан, 14 мамыр, 2025 жыл – «Chevron Direct Investment Fund Ltd.» жеке компаниясы (бұдан әрі – CDIF) биоэтанол өндірісімен айналысатын, «KazFoodProducts» холдингі компаниялар тобының мүшесі болып табылатын «BioOperations» ЖШС-і қазақстандық компаниясымен инвестициялық келісімшарт жасады.

10 миллион АҚШ долларын құрайтын инвестиция компания бизнесін кеңейтуге және қосымша жұмыс орындарын ашуға бағытталады.

«BioOperations» ЖШС-і Орталық Азиядағы астықты терең өңдеумен айналысатын жалғыз кәсіпорын. Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша қаласында орналасқан зауыт биоэтанол отынын, бидай крахмалын, бидай дәнмаңызын, DDGS жемін және көмірқышқыл диоксидін шығарады. Шикізат ретінде қазақстандық бидай пайдаланылады, өңдеу қуаттылығы жылына 250 мың тоннадан астам астықты құрайды.

«CDIF-пен келісім «KazFoodProducts» Холдингі үшін стратегиялық маңызды қадам болып табылады. Халықаралық инвестициялық қормен серіктестік ұзақ мерзімді инвестицияларды тартуға және жоғары сапалы қазақстандық астықтан өндірілген өнімді сату мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Біз бұл ынтымақтастықты Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жүктеген астықты терең өңдейтін әлемдегі он жетекші өндірушілер қатарына кіру жөніндегі тапсырмасын жүзеге асырудың бір бөлігі ретінде қарастырамыз», - деді «BioOperations» ЖШС-і мүшелік ететін «KazFoodProducts» Холдингінің бақылау кеңесінің төрағасы Ерік Балапанов.

CDIF жеке компаниясының мақсаты әр түрлі салалардағы коммерциялық тұрғыдан тиімді кәсіпорындарға инвестиция салу арқылы Қазақстан Республикасының экономикасының әртараптандыруы мен дамуына оң үлес қосу болып табылады.

«BioOperations» ЖШС-і жоғары дәрежедегі инвестициялық тартымдылық пен сенімді бизнестік даму үлгісін көрсете білді, сондай-ақ CDIF-тің негізгі іріктеу талаптарына сәйкес келді.

«Chevron Direct Investment Fund Ltd.» жеке компаниясы Қазақстандағы тұрақты энергетикалық шешімдерді ілгерілетуде «BioOperations» ЖШС-мен серіктес болғанын мақтан тұтады. Бұл инвестиция біздің Қазақстандағы инновацияларды, жаңа жұмыс орындарын құруды және экономикалық дамуды қолдауға деген адалдығымызды көрсетеді. Біз бірге био отынның баламалы өнеркәсібінде елеулі прогреске қол жеткізуге ұмтыламыз», - деді Дилан Морган, «Chevron Direct Investment Fund Ltd.» жеке компаниясының Басқарма төрағасы.

Компания жергілікті өндірістерді дамыту мақсатында Қазақстанда тиімді инвестициялық мүмкіндіктерді іздеуді жалғастырады. Өлеуетті кәсіпорындарды іріктеу критерийлерінің тізбесін, инвестициялық процестің сипаттамасын, қаржыландыруға өтінім беру нысанын, және толығырақ ақпарат алу үшін CDIF-тің www.cdif.kz веб-парақшасына өтуге шақырады.



###

«Шеврон» туралы

«Шеврон» – дүниежүзіндегі жетекші интеграцияланған энергетикалық компаниялардың бірі. Біз адамзат прогресі үшін қолжетімді, сенімді және таза энергия қажет деп санаймыз. Біз адамзат прогресі үшін қолжетімді, сенімді және таза энергия қажет деп санаймыз. “Шеврон” мұнай мен табиғи газ шығарады, жанар-жағармай және мұнайхимия өндіреді, бизнес пен өнеркәсіпті жетілдіретін технологияларды дамытады. Біздің мақсатымыз мұнай және газ саласындағы дәстүрлі бизнесімізді дамыту, қызметіміздегі көміртек шығарындыларын азайту және әдеттегі бағыттарымызбен қатар жаңғырмалы отын, сутек өндірісі, көміртектегі ұстап қалу, оффсетті пайдалану және басқа технологиялар сияқты бизнестің жаңа төмен көміртектегі бағыттарын дамыту. “Шеврон” туралы қосымша ақпаратты www.chevron.com сайтынан табуға болады.

«Chevron Direct Investment Fund Ltd.» ЖК «Астана» халықаралық қаржылық орталығында (АХҚО) тіркелген жеке компания. Олар “Шеврон” компаниясы Қазақстандағы әртүрлі салалардағы, соның ішінде ақпараттық және цифрлық технологиялар, қоршаған ортаны қорғау, мұнай және газ саласындағы тауар өндіру және қызмет көрсету салаларындағы жергілікті кәсіпорындарға инвестиция салу арқылы Қазақстан экономикасын дамытуды қолдауды жоспарлауға көмектесетін құрал. Толығырақ ақпарат алу үшін www.cdif.kz сайтын қараңыз.

«Chevron Direct Investment Fund Ltd.» ЖК – ұжымдық инвестиция салу Қоры емес және оның АХҚО Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитетінің (Astana Financial Services Authority, AFSA) кез келген қаржылық қызметті жүргізуге тиісті лицензиясы жоқ.

Байланысатын тұлға:

Альмира Кожаметова, Еуразия бөлімшесінің БАҚ-пен байланыс жөніндегі үйлестірушісі,
+7 702 218 93 35